

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ YOUNG SCHOLARS RESEARCHES

УДК 327.7

А. Д. Аманжолова,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

АТЭЫ САММИТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы апталығының қорытындылары, ең бастысы Қазақстан үшін маңызы қарастырылды. Қазақстан Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы қатысушы елдерінің қатарына енбейтіндігіне қарамастан, оның жұмысы барысында жарияланған бастамалар мен қабылданған қорытынды шешімдер біздің елімізге де тікелей әсерін тигізеді.

Тірек сөздер: Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы, еркін сауда аумағы, «интернет-экономика».

Аннотация

Статья посвящена итогам саммита Азиатско-Тихоокеанского экономического сотрудничества, а главное – его значению для Казахстана. Несмотря на то, что Казахстан не входит в число стран – участниц Азиатско-Тихоокеанского экономического сотрудничества, объявленные в ходе его работы инициативы и принятые итоговые решения окажут непосредственное влияние и на нашу страну.

Ключевые слова: Азиатско-Тихоокеанское экономическое сотрудничество, саммит Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, Послание Президента «Нурлы жол – Путь в будущее», зона свободной торговли, «интернет-экономика».

Abstract

Article is devoted to the summit of the Asia-Pacific Economic Cooperation, and most importantly value for Kazakhstan. Despite the fact that Kazakhstan is not among the member countries of the Asia-Pacific Economic Cooperation, announced during his work initiatives and adoption of the final decision will have a direct impact on our country.

Key words: Asia-Pacific Economic Cooperation, the summit of the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia, Message from the President «Nurly Jol – Path to the Future», free trade zone, «Internet Economy».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» стратегиясында, Қазақстанның, сонымен қатар, жалпы аймақтың болашақ дамуында ескерілуі тиіс ХХІ ғасырдың он негізгі сын-қатерлерін атап көрсетті. Сын-қатерлер арасында ғаламдық экономикалық жүйенің «жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі» де қарастырылған [1].

Дамудың заманауи сатысының ерекшелігі әлемдік экономиканың өспелі жаһандық айқынсыздығы аясында аймақтық интеграциялық үдерістердің күшеюінде. Әлемдік экономиканың жаһандану үдерісі әртүрлі және қайшылықты үдеріс болағандықтан, жаңа интеграциялық одақтар мен блоктардың құрылуына жол ашуда. Қазіргі таңда, Азия-Тынық мұхиты аймағы әлемнің экономикалық және саяси орталықтардың біріне саналады. Аталған қарқынды дамып келе жатқан аймақ пен Қазақстанның өзара қарым-қатынасының бастаулары, тараптар мүдделерінің тоғысуы мақала барысында қаралатын болады.

Жалпы Азия-Тынық мұхиты аймағы бір қарағаннан-ақ өз шеңберіндегі елдердің саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық даму жолдарының өр алуандығымен, сонымен бірге, барлық континенттерді қамтуымен таңдандырады. Өр елдің өзіндік салт-дәстүрі, өлеуметтік-экономикалық даму саласы, саяси құрылымы және т.б.

өлшемдері бойынша күрт өрешеленетіндігін ескерсек, олардың арасында өзара ортақ жақындасу емес, керісінше алшақтық болуы заңдылық. Батыс Еуропа, Латын Америкасы, Таяу Шығыс, Африка, болмаса Солтүстік Америка елдерін орналасу аймақтарына қарай жіктеу оңай. Себебі, ол аймақтарда жағрафиялық жақындық, тілі, діні, ділі, этникалық құрамына қарай ортақ тарихи-мәдени кеңістік, өзара тығыз, біртұтас саяси-экономикалық байланыстары қалыптасқан.

Ал Азия-Тынық мұхиты аймағында мұндай байланыстар өлсіз. Аймақ елдерін бір-бірінен орасан зор жағрафиялық ара-қашықтық бөліп тұр. АТА мемлекеттерін тарихи қалыптасу жағынан әркелкі топтастыруға болады. Мысалы, Конфуция діни-мәдени дәстүрінің әсерімен құрылған Қытай, Жапония, Корея сияқты Қиыр Шығыс елдері, негізінен, Британ аралдарынан қоныстанушылардан тұратын Австралия, Жаңа Зеландия, Канада сияқты Англияның «ақ доминиондарынан» ерекшеленеді. Сонымен қатар, АҚШ пен Жапония аймақтың өнеркәсіптік тұрғыда жоғары дамыған мемлекеттеріне жатқызылады. Олармен қоса, аймақта Индонезия, Таиланд, Австралия сынды алпауыттардан бастап, Тынық мұхитының оңтүстік бөлігіндегі жиырмадан астам «қуыршақ мемлекеттер» де бар.

АТА-ның бірқатар аймақтардан өзгешелігі, коммунистік режим мен коммунистік идеологияның (ҚХР, КХДР) сақталуында. Бұл аймақты, сонымен қатар, территориялық даулардың көптігімен де өрешеленуге болады. Мысалы, Ресей мен Жапония, Жапония мен Қытай, Қытай мен Корея және т.б. арасындағы территориялық даулар шешілмеген [2, 151].

Ендеше мұндай өзара ұқсастықтары өлсіз халықтар мен мемлекеттерді ортақ не біріктіреді? Біріншіден, XX ғ. алғашқы жартысында Тынық-мұхиттық державалар саналған АҚШ пен Жапонияның экономикалық және әскери өсіміне қарамастан жер шарының бұл аймағы еуропалық метрополиялардың отарлық перифериясы күйінде қала берді. Екіншіден, қазіргі таңда аймақ елдерінің экономикалық өсімі қарқын алуда. Аймақ елдерінің ішкі айналымының жалпы үлесі әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен 60 пайызын құрап отыр. АТЭЫ әлемдік экономиканың жартысын түзеді. XXI ғ. басында құрамындағы елдердің жалпы халық саны әлем халқының 42%-ын және әлемдік тауар айналымының 50%-ын құрады. Ал олардың барлығының жалпы ішкі айналым өнімі 24 трлн. АҚШ долларынан асып, дүниежүзі бойынша алғанда 60%-дық көрсеткішті межеледі [3].

Қазақстан АТЭЫ қатысушы елдерінің қатарына енбейтіндігіне қарамастан, оған мүше мемлекеттердің басым бөлігімен жақсы деңгейдегі екіжақты қарым-қатынас орнатқан. Сонымен қатар, әлемдік деңгейдегі экономикалық орталықтардың біріне саналатын аймақта көтерілген бастамалар біздің елімізге де тікелей әсерін тигізеді. Бұл ретте АТЭЫ-ң 21 экономикасы, соның ішінде ҚР аса ірі өріптестері – ҚХР, РФ және АҚШ көшбасшылары көтеріп отырған өңірлік және жаһандық даму мәселелері (инфрақұрылымдық құрылысты және бірінші кезекте көлік қатынастарын жандандыру, бизнес жүргізу жағдайларын жақсарту қажеттігі және т.б.) іс жүзінде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында мазмұндалған идеялармен және бағдарлармен өзара сабақтасады [4].

Яғни, қазіргі таңда осы мүмкіндіктер мен арадағы кейбір жағрафиялық және т.б. кедергілерді азайта отырып екі жақтың өзара ынтымақтастық келешегін айқындау – Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі.

2014 жылдың қараша айында Бейжіңде Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығының (АТЭЫ) апталығы болып өтті. Бұл форум, мамыр айында Шанхайда өткен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) саммитімен қатар, Қытайда осы жылы өткен басты халықаралық оқиғалардың біріне айналды.

АТЭЫ-2014 саммитінің басты тақырыбы «Азия-Тынық мұхит елдерінің болашаққа бағдарланған өріптестік қатынастарын бірлесіп құру» болды. Форум міндеттерінің арасында өңірлік экономикалық интеграцияны дамыту, экономика реформасын ілгерілету, сондай-ақ инновациялық даму және өсу мәселелері тұрды.

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин үстіміздегі жылдың 8 қарашасында АТЭЫ апталығының аясында өткен «Өзара байланысқан өріптестікті нығайту мәселелері бойынша

үнқатысу» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында Жібек жолы қорына 40 млрд. доллар бөлуге және бес жыл ішінде 20 мың маманды даярлау үшін көршілес елдерге көмек көрсетуге ниетті екендіктерін жариялады.

Қытай басшысы Қытайдың «Жібек жолының экономикалық белдеуі» (Сиань – Үрімші – Қазақстан және Орта Азия елдері – Таяу Шығыс және Еуропа) және «XXI ғасырдың Теңіздік Жібек жолы» (Қытайдың оңтүстік-шығыс провинциялары – Малакк бұғазы, Африка Мүйізі – Қызыл және Жерорта теңіздері) бойында орналасқан елдерге инфрақұрылымдық құрылыста (көлік, электр, телекоммуникациялық желілер және т.с.с.) көмек көрсететіндігін атап көрсетті.

Оның айтуынша, осы жобаларды қаржыландыруда сондай-ақ Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің (АИИБ) құрылуы маңызды рөл атқаруы тиіс. Еске сала кетейік, 2014 жылдың 24 қазанында ҚР Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев, өзге азиялық мемлекеттер өкілдерінің қатарында, Қытай астанасында болжалды жарғылық капиталы 100 млрд. АҚШ доллары болатын аталмыш банкті құру туралы «Өзара түсіністік меморандумына» қол қою рәсіміне қатысқан болатын.

Жаңа қаржылық институттың штаб-пәтері Бейжіңде орналасады. Іс жүзінде 10 млрд. доллар көлемінде толтырыла отырып, АИИБ бастапқы капиталы 50 млрд. долларды құрайды. АИИБ ресми ашылуы мен жұмыс істей бастауы 2015 жылдың соңына жоспарланған.

Қытайдың «Жібек жолы бойындағы экономикалық белдеуді» құруға күш салуы Қазақстанның өз транзиттік-көліктік әлеуетін кеңейту тұрғысындағы мүдделеріне сай келетіндігін атап өткен жөн. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Азия даму банкінің 47-ші жыл сайынғы отырысында (Астана, 2014 жылдың мамыр айы) атап өткеніндей, бұл мегажоба 2050 жылға қарай еліміздің аумағындағы транзиттік тасымалдарды он есе арттыруға бағытталған. Ол Қазақстан аумағы арқылы кез келген жүкті кез келген көлік түрімен тиісті жерге жеткізудің тиімді каналдарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін заманауи көлік-логистикалық жүйе құруды көздейді [5].

Қытай сарапшыларының пікірінше, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауының негізгі арқауы іс жүзінде инфрақұрылымдық құрылыс және елді Еуразияның аса ірі транзиттік-көліктік хабына айналдыру міндетін шешу.

Атап айтқанда, Қытай халықаралық зерттеулер институтының ШЫҰ-ны, Еуропа мен Орталық Азияны зерттеу орталығы директорының орынбасары Ли Цзыго Еуразия құрлығының қақ ортасында орналасқан Қазақстан трансқұрлықтық тасымалдар саласында артықшылыққа ие және, сонымен қатар, оның елеулі кемшілігі де бар, ол – оның теңізге шығу жолының болмауы деп пайымдайды. Және Нұрсұлтан Назарбаев ұсынып отырған жоспардың ҚР транзиттік-көліктік әлеуетін дамытуға бағытталғандығын атап өтті.

Бұл тұрғыдан Ли Цзыго Елбасының Үкіметке берген «құрғақ порттың» алғашқы көшенінің, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымының құрылысын аяқтауға 2015 жылы ірі көлемді қаржы (81 млрд теңге) жұмсау, сондай-ақ Қытайдың, Иранның, Ресейдің және ЕО елдерінің «құрғақ» және теңіз порттарында терминал қуаттылықтарын салу немесе жалға алу мәселесін пысықтау жөніндегі тапсырмаларына ерекше назар аударды.

«Меніңше, Президент Назарбаев қытай тіліндегі «дағдарыс» сөзін жақсы түсінетін сияқты. Ол үнемі қатар жүретін қауіп және мүмкіндік деген екі сөзден тұрады. Шын мәнінде, тек дана адам ғана дағдарысты құбылыстардан мүмкіндікті көре алады», – деп түйіндеді Қытай сарапшысы.

Қытайдың Ляньюньган тынық мұхиттық портында қазақстандық логистикалық терминалдың салынуын және осылайша Азия-Тынық мұхит өңірінің (АТӨ) көліктік инфрақұрылымы мен нарықтарына тікелей шығу мүмкіндігіне қол жеткізілуін есепке алатын болсақ, АТЭЫ экономикалары көшбасшыларының саммитіндегі қорытынды шешімдер Қазақстан тарапының практикалық қызығушылығын тудырады [6, 65].

Ең алдымен, АТӨ елдеріне әлем аумағының 31%-ы, әлемдік сауданың 50%-дан астамы тиесілі екендігін еске сала кетейік. Әлемдегі ең ірі 12 теңіз порттарының

9-ы осы өңірде. Н.Назарбаев егеменді мемлекет ретіндегі Қазақстанның қалыптасу және даму стратегиясында Астананың сыртқы саяси қызметінің азиялық векторын, соның ішінде АТА-мен жақындасуға бағыт ұстауын белгіледі. Президент: «Қазақстан, Еуропа, бұрынғы КСРО-ның ортаазиялық бөлігі, жылдам дамып келе жатқан Азия-Тынық мұхит өңірі және Азия құрлығының оңтүстігі арасындағы байланыстырушы буын ретінде стратегиялық тұрғыдан маңызды рөл атқара алады», – деп атап көрсеткен болатын.

Соңғы жылдары еліміз АТА елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға едәуір күш-жігер жұмсауда. Мұны, атап айтқанда, «ескі әріптестер» – Корея Республикасы мен Жапония, сондай-ақ стратегиялық әріптестер – РФ, ҚХР және АҚШ туралы айтпағанның өзінде, Вьетнам, Малайзия, Индонезия өкілдерімен жоғары деңгейдегі қарқынды қарым-қатынас айғақтайды.

АТА-ғы интеграциялық үдерістер мен өңірлік экономиканың даму үрдістері Қазақстан үшін Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) құрылуы, оның мүше мемлекеттерінің Вьетнаммен Еркін сауда аймағы туралы келісім бойынша келіссөздер жүргізуі тұрғысынан да қызығушылық тудырады. Ресей Президенті Владимир Путин АТЭЫ форумы экономикалары көшбасшыларының жұмыс отырысында атап өткендей, 2013 жылы ЕАЭО-на қатысушы елдерінің Азия-Тынық мұхит өңірі мемлекеттерімен сауда көлемі олардың жиынтық сауда айналымының 26%-нан асқан.

2014 жылғы форум қорытындысы бойынша Бейжің декларациясы қабылданды, оның 4 қосымшасы бар: Азия-Тынық мұхит өңірінің өркін сауда аумағына қарай жылжуға жәрдемдесетін АТЭЫ жол картасы, жаһандық құн тізбектерін дамытуға жәрдемдесу және осы саладағы ынтымақтастық бойынша іс-әрекеттердің стратегиялық жоспары, инновациялық прогресс, құрылымдық реформалар және экономиканың дамуы мәселелері бойынша АТЭЫ келісілген қағидаттары, сондай-ақ 2015–2025 жылдар кезеңіне өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету бойынша іс-әрекеттер жоспары.

Декларация мәтінінде: «біз протекционизмнің кез келген нысандарынан бас тартуға ұмтылып отырғанымызды растаймыз, тиісті міндеттеменің әрекетін 2018 жылдың соңына дейін ұзартамыз және саудаға қатысты протекционистік және басқа да шектеу шараларын тоқтатуға даяр өкөндігімізді тағы да растаймыз», – деп атап көрсетілген.

Құжатта сондай-ақ форумға қатысушы елдердің күш-жігерлері инвестициялық ахуалды жақсартуға, мемлекеттік-жөке меншік өріптестікті ұлғайту есебінен инфрақұрылымдық құрылыстың қаржыландырылуын арттыруға, сауда мен бизнес жүргізу, адамдардың трансшекаралық жүріп-тұрулары, жаңашылдық идеялармен алмасу, құрылымдық және реттеуші реформалар жүргізу, көлік және логистика саласындағы өкімшілік кедергілерді азайту шарттарын жеңілдету бойынша ілгерілеуге қол жеткізу ісіне жұмылдырылатындығы атап көрсетіледі.

Саммит қатысушылары өздерінің «интернет-экономиканы» қолдауға, кәсіпкерліктің дамуын ынталандыруға, сондай-ақ «орташа табыс тұзағын» еңсеру мәселесін (белгілі бір табысқа қол жеткізген елдің осы деңгейден аса алмай, бір орында тұруы) АТЭЫ жұмысының бағдарламасына өнгізуге ниетті өкөндіктерін мәлімдеді.

Уақытша шығындар, құндық шығындар және өңірде тауарлармен және қызмет көрсетулермен алмасудың сенімділігі параметрлері бойынша 2015 жылға қарай тауарлар жеткізілімдері тізбектерінің тиімділігін 10%-ға арттыру ниеті расталды.

Бұдан басқа, декларацияда «осы ауруды түпкілікті жеңгенге дейін» деп, эбола безгегімен күресті жандандыру ниеті атап көрсетіледі.

Келесі жылы АТЭЫ саммитін Филиппинде өткізу туралы шөшім қабылданды.

2014 жылғы форумнан және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Австралияға жасаған мемлекеттік сапары аясында Австралияның Брисбен қаласында өткен G20 саммитінен кейін Қытай-Австралия өркін сауда аймағын құру ниеті, сондай-ақ юаньмен өзара есеп айырысулардың басталуы туралы меморандумдарға қол қойылғаны қызықты жөйт. Алдағы уақытта Сиднейде юаньмен есеп айырысулар жүргізетін клирингтік банк ашу жоспарланып отыр. Бұған дейін юаньмен есеп айырысатын мұндай орталықтар Сянганда, Аомэнде, Тайваньда, Сингапурда, Лондонда, Франкфуртта, Сеулде, Парижде, Люксембургте, Дохада және Торонтода құрылған болатын [7].

Осылайша, АТЭЫ-ның Бейжің декларациясында жарияланған мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асырылуы көп күттірмеді, ал Азия-Тынық мұхит өңірінде және әлемдік экономикаға интеграцияланған елдерде еркін сауда аймақтарының құрылуы трендке айналып келеді.

Бүгінде Қазақстан Республикасының көпвекторлық сыртқы саясатындағы маңызды басым бағыттардың бірі ретінде, тұрақты экономикалық өсім мен жаһандық экономикалық даму орталығы ретінде танымал Азия-Тынық мұхиты аймағымен арадағы ынтымақтастық берік орнықты. Бұл бағыттағы Қазақстанның сыртқы саяси әрі сыртқы экономикалық мүдделері әсіресе, Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы, АСЕАН ұйымдары елдерімен ынтымақтастықты құра отырып, әрбір елмен екіжақты байланыс орнату арқылы экономикалық даму тәжірибелері мен дамыған технологияларды алмасу саласын кеңейту түрінде жүзеге асырылуда.

Оңтүстік-Шығыс Азия Қазақстан үшін экономикалық үдерістері қарқынды дамып, сауда-экономикалық қызметтерінің масштабы кеңейіп келе жатқан, капитал, тауар, қызмет, жұмыс күші, технология және ақпарат нарығындағы аймақтық ынтымақтастықтың ауқымды тәжірибесі жинақталған аймақ ретінде және аталған салалардағы дамушы елдермен байланыс орнату үшін маңызды бағыт ретінде қарастырылады [8]. Мұнда саяси әрі экономикалық мүдделердің өзара жақындасу тенденциясы, қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі бөлсенді өзара ықпалдастық байқалады.

Аймақтың көптеген елдері төл мемлекеттіліктерінің қалыптасу барысында қарқынды ішкі дамуы мен әлемдік шаруашылық процестердің интеграциясына деген қабілеттерін көрсете білді.

Қазақстанның геосаяси орналасуы оны әлемдік және аймақаралық кеңістіктердегі интеграциялық үрдістердің маңызды құрылымдық элементіне айналдыра алады. Қытай, Еуропа елдері, Ресейді қосқандағы Азия-Тынық мұхиты аймағының ірі өнеркәсіптік дамыған елдерінің қызығушылықтары Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатын бөлсендіруге негіздейді. Мұндай факторлардың жиынтығы өз кезегінде, Қазақстан жиегінде континентальдық және трансконтинентальдық экономикалық түрленулердің қалыптасуымен түсіндіріледі.

Қазақстан өркениеттер тоғысында орналасқан, батыс пен шығысты жалғаушы транзиттік маңызы бар ел ретінде, аймақтағы интеграциялық топпен өз мүдделерін толықтырып қана қоймай, сонымен қатар, аймақ елдері үшін де келешекте стратегиялық тұрғыдағы шешуші елге айналу мүмкіндігіне ие.

Ең алдымен, жоғары дамыған елдермен қазақстандық тауарлар бәсекелес бола алмайтын салаларда байланыс орнатқаны жөн. Бұл жағдайда Қазақстан өз қызметін алдымен шикізат тауарларын жеткізуші ел ретінде бастай алады.

Азия елдері техникалық-экономикалық дамудың әр түрлі деңгейінде келе жатыр және кейбірі қазақстандық тауарлардың кең ассортиментін, соның ішінде дайын машина жасау, химия өнеркәсібі, әскери-өндірістік кешендердің жөкелеген бұйымдарын сатып алуға дайын. Қазақстан Қытайдың, Кореяның, Жапонияның көлік және энергетикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша ірі даму бағдарламаларына қатысу мүмкіндігіне ие және шығыс-азиялық энергетикалық жобада өзінің мүдделілігін таныта алады.

Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағынан тікелей шет елдік инвестицияларды тарту мүмкіндіктері жеткілікті. Және соның негізінде тауар экспорты құрылымын диверсификациялау, өңдеу өнеркәсіптері салаларын жандандырудың оңтайлы тұстары бар. Ал Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері үшін де Қазақстан ішкі нарығы, жеткілікті ғылыми-өндірістік потенциалы және әрине, бірегей әрі әр алуан табиғи ресурстарымен таптырмас тартымды серіктес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӨДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 14 желтоқсан 2012 // http://www.akorda.kz/kz/category/gos_programmi_razvitiya

- 2 Абазов Р. АТР в новых условиях. Мировая экономика и международные отношения. – 1995.
- 3 The APEC Region Trade and Investment, Canberra. November 2012. *The Economist: Pocket World in Figures*, 2012.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол, 2014 жылғы 11 қараша // http://www.akorda.kz/kz/page/page_218343_
- 5 Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Азия даму банкінің 47-ші жыл сайынғы отырысында сөйлеген сөзі (Астана, 2014 жылғы мамыр айы)
- 6 Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана, 2001. – 552 с.
- 7 Малиновский Л.Ф. Экономическая интеграция в Азиатско-Тихоокеанском регионе и ее влияние на военно-промышленный потенциал государств : Дис. ... канд. экон. наук : 08.00.01: Москва, 1999. – 207 с.
- 8 Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің сайты // <http://www.mfa.kz/>

Дата поступления статьи в редакцию 14.04.2015